

АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

Арменияда зейнетақы жүйесі көп деңгейлі болып табылады және мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруды, оның ішінде ортақ зейнетақы жүйесін; жинақтаушы міндетті және ерікті жинақтаушы зейнетақы жүйесін қамтиды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Мемлекет 25,5 мың драмнан кем еңбек зейнетақысын алған адамдарға және әлеуметтік зейнетақы алушыларға ең төменгі зейнетақы төлейді.

Керілік бойынша әлеуметтік зейнетақы еңбек немесе әскери зейнетақы алуға құқығы жоқ адамдарға 65 жасқа толғаннан кейін тағайындалады.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі зейнетақы мөлшері 25 500 драмды (шамамен 20 700 теңге) құрады.

ОРТАҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

Жасына байланысты зейнетақы азаматтарға 63 жасқа толғанда және 10 күнтізбелік жылдан аса еңбек өтілі болған жағдайда, бюджеттік қаражаттан мемлекеттік зейнетақы төлеуді көздейді.

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

Жинақтаушы зейнетақы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушылардың әлеуметтік жарналары және қатысушылардың пайдасына мемлекет енгізген жинақтаушы аударымдары, сондай-ақ оларды инвестициялаудан алынған кірістер есебінен қаржыландырылады.

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

ЖЗЖ қатысушыларына жалдамалы қызметкерлер, нотариустар, өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар және жеке кәсіпкерлер жатады.

ЖЗЖ қатысушылары жасы бойынша былай бөлінеді: 1974 жылға дейін туған адамдар және 1974 жылғы 1 қаңтардан кейін туған адамдар.

1974 жылғы 1 қаңтардан кейін туған қызметкерлер, нотариустар, жеке кәсіпкерлер ЖЗЖ-ға міндетті түрде қатысады.

1974 жылға дейін туған адамдар ЖЗЖ-ға зейнетақы қорын таңдау туралы берген өтінішіне сай ерікті негізде қатысады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар жасына қарамастан ЖЗЖ-ға ерікті негізде қатысады.

МІНДЕТТІ ЖАРНАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОСА ҚАРЖЫЛАНДЫРУЫ

ЖЗЖ қатысушысының пайдасына салынатын жинақтаушы жарнаның жалпы көлемі базалық табыстың 10%-ын құрайды.

Мемлекеттің бірлесіп қаржыландыруы міндетті ЖЗЖ-ға қатысушыларға ғана қолданылады және мемлекеттік бірлесіп қаржыландыру мөлшері ЖЗЖ-ға қатысушының табыстарына байланысты.

Егер ЖЗЖ-ға міндетті қатысушылардың жалақысы айына 500 мың драмнан төмен болса (шамамен 400 мың теңге), онда мемлекет қатысушының зейнетақы шотына жалақысының 5% мөлшерінде жинақтаушы жарна аударады.

Егер ЖЗЖ-ға міндетті қатысушылардың жалақысы айына 500 мың драмнан асса, онда мемлекет жинақтау аударымдарын 25 мың драм (шамамен 20 мың теңге) мөлшерінде қаржыландырады.

Егер кәсіпкерлік табыстың жылдық мөлшері 6 млн. драмнан (4,9 млн. теңгеден) аспайтын болса, онда мемлекет жеке кәсіпкердің зейнетақы шотына табыстың 5% мөлшерінде жинақтаушы жарна аударарды.

Егер кәсіпкерлік табыстың жылдық мөлшері 6 млн. драмнан асатын болса, онда мемлекет жеке кәсіпкердің зейнетақы шотына 300 мың драм (шамамен 240 мың теңге) мөлшерінде жинақтаушы жарна аударарды.

ЖЗЖ-ҒА ҚАТЫСУШЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАРНАЛАРЫ

Ай сайынғы еңбекақысы 500 мың драмнан төмен және жылдық кәсіпкерлік табысы 6 млн. драмнан төмен міндетті ЖЗЖ қатысушылары міндетті жарнаны табысының 5% мөлшерінде төлейді.

Жоғарыда көрсетілген ең төменгі шектен асатын табысы бар қатысушылар 10% бен мемлекеттік қолдау сомасы арасындағы айырманы – жалдамалы қызметкерлер үшін 25 мың драм және жеке кәсіпкерлер үшін 300 мың драм мөлшерінде төлейді.

Өзін өзі жұмыспен қамтыған адамдар табысының мөлшеріне қарамастан, оның 5% мөлшерінде әлеуметтік жарна төлейді.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ

Жұмыс берушілер салық агенті ретінде мемлекеттік бюджетке әлеуметтік жарналар аударарды. Мемлекет зейнетақы аударымдарын депозитарийге аударарды, ол ЖЗЖ-ға қатысушылардың тізілімін дербестендірілген есепке алу негізінде жүргізеді және зейнетақы қорларының активтерін сақтауды жүзеге асырады, ондағы зейнетақы жинақтарының мөлшері 2017 жылы шамамен 219 млн. АҚШ долларын құрады (*Ақпарат көзі: <https://www.oecd.org/daf/fin/private-pensions/Pension-Funds-in-Figures-2018.pdf>*).

Депозитарий келесі манипуляцияларды жасай отырып, зейнетақы қорының пайларын сатып алады. Депозитарий ақшаны депозитарийдегі зейнетақы қорының шотына жинақтаушы жарнаға тең көлемде аударарды және осы зейнетақы қорының пайларын ЖЗЖ қатысушысының жинақтаушы аударымына тең мөлшерде орналастыру бағасы бойынша сатып алынған ЖЗЖ қатысушысының зейнетақы шотына аударарды.

ЖЗЖ қатысушысының қалауы бойынша бұрын жинақталған қаражатты бір зейнетақы қорынан екіншісіне ішінара және/немесе толық аудару мүмкін, ол пайларды айырбастау ретінде жүзеге асырылады.

Қаражатты аудару кезінде қатысушыдан айырбастауға жататын пайларды өтеу үшін өтелетін пайлардың есептік құнының 1% - ына тең төлем алынады.

Міндетті зейнетақы қорының пайларын өтеу үшін ақы қатысушы өзінің зейнетақы қорының пайларын сол басқарушының басқа зейнетақы қорының пайларына ауыстырған кезде, сондай-ақ қатысушының өз пайларын басқа зейнетақы қорының пайларына айырбастау жөніндегі мәмілесі кезінде 12 ай ішінде алынбайды. Заңнамада, сондай-ақ пайларды аудару үшін төлем алынбайтын ерекше жағдайлар (пайларды мұрагермен айырбастау; қатысушы үшін таңдап алынған зейнетақы қорының пайларын айырбастау; басқарушының қызметі тоқтатылған кезде пайларды айырбастау) белгіленген.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ

БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯЛАРҒА ҚОЙЫЛАЫН АЛҒЫШАРТТАР

Арменияда міндетті зейнетақы қорларын басқару үшін инвестициялық қорды басқарушы лицензиясы, сондай-ақ арнайы рұқсат талап етіледі.

Міндетті зейнетақы қорын басқаруға рұқсат Армения Республикасының аумағында құрылған, ең болмағанда бір акционері бар, танымал шетелдік ұйым немесе Зейнетақы қорын басқаруға маманданған халықаралық қаржы ұйымы болып табылатын басқарушыға беріледі.

Бұл ретте, ұйымның қатысуы 50% - дан астам бөлікті құрауы тиіс және ұйымның басқарушы стратегиясын бекіту кезінде, сондай-ақ атқарушы органды және басқарушының ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру кезінде шешуші дауысы болуы тиіс.

Басқарушы компанияның шетелдік акционерін Арменияның Орталық Банкі төмендегі алғышарттар бойынша бағалайды:

- 1) ұйымға халықаралық рейтингтік агенттіктер берген рейтингтік бағалаудың болуы, ол investment grade-дан төмен болмауы тиіс,
- 2) қаржы саласындағы халықаралық деңгейде танылған аналитикалық және/немесе консалтингтік ұйымдар жасайтын ең үздік басқарушылар тізіміне енгізілуі,
- 3) басқарудағы активтер мөлшері,
- 4) басқарылатын қорлардың кірістілігі,
- 5) әртүрлі елдердегі өкілдік дәрежесі,
- 6) қорларды басқарудағы тәжірибе.

Ерікті және міндетті зейнетақы қорын басқарушының жарғылық капиталдарының ең төменгі мөлшері тиісінше 500 млн. драм (шамамен 400 млн. теңге) және 200 млн. драм (шамамен 163 млн. теңге) мөлшерінде белгіленген.

ЖЗЖ қатысушысы зейнетақы қорын, тиісінше басқарушыны да, соның ішінде виртуалды ортада да дербес таңдай алады. Басқарушы компаниялар өзара инвестициялық стратегияларымен ерекшеленетін өздерінің зейнетақы қорларын басқаратындықтан, ЖЗЖ-ға қатысушының зейнетақы қорын таңдауы өз қаражатын орналастырудың таңдалған стратегиясын да білдіреді.

Егер қатысушы қорды өз бетінше таңдамаса, онда бағдарламалық модульмен кездейсоқ таңдау арқылы басқарушы компаниялардың бірінің консервативті қоры таңдалады.

ИНВЕСТИЦИЯЛАУ ҮЛГІЛЕРІ

Басқарушы компаниялар инвестициялаудың үш үлгісін ұсынады:

- 1) табысы тұрақты зейнетақы қоры,
- 2) консервативті зейнетақы қоры,
- 3) теңгерімді зейнетақы қоры.

Тұрақты табыс қорының ережелері бойынша оның активтері үлестік бағалы қағаздарға және туынды қаржы құралдарына инвестицияланбайды.

Консервативтік Қордың шарттары бойынша қор активтеріндегі үлестік бағалы қағаздардың және оларды хеджирлеу мақсатында сатып алынған туынды құралдардың салмағы 25% - дан аспауы тиіс.

Балансталған Қордың ережелеріне сәйкес үлестік бағалы қағаздардың және оларды хеджирлеу мақсатында сатып алынған туынды құралдардың қор активтеріндегі салмағы 50% - дан аспауы тиіс.

ТАБЫСТЫЛЫҚ

2017 жылы жиынтық зейнетақы активтерінің нақты табыстылығы 6,7% құрады (Ақпарат көзі: <https://www.oecd.org/daf/fin/private-pensions/Pension-Funds-in-Figures-2018.pdf>).

Басқарушының атауы	Зейнетақы қорының атауы	Қордың құрылған күннен бастап табысы, %	Қор табыстылығы 2018 ж. (жылдық), %
«Амунди-АКБА Ассет Менеджмент» ЖАҚ	Теңгерімді зейнетақы қоры	52,4	7,8
	Консервативті зейнетақы қоры	48,2	7,6
	Табысы тұрақты зейнетақы қоры	43,3	7,2
«Це-Квадрат Ампега Ассет Менеджмент Армения» ЖШҚ	Теңгерімді зейнетақы қоры	46,0	7,7
	Консервативті зейнетақы қоры	45,5	7,8
	Табысы тұрақты зейнетақы қоры	53,7	8,1
		46,9	7,7

Ақпарат көзі: Қаржы журналы / Financial Journal №4 2018, DOI: 10.31107/2075-1990-2018-4-53-61, Арменияның жинақтаушы зейнетақы жүйесі: қалыптасу тарихы.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Міндетті жинақтаушы компонентте Blind Quotation жүйесі енгізілген, бұл активтерді басқарушы кімнің ақшасын басқаратынын білмейді деген сөз. Бұл жүйе қатысушыларын сырттан, оның ішінде жұмыс берушілердің қандай да бір Қорды таңдауына жасайтын ықпалынан қорғайды.

БАСҚАРУШЫЛАР КОМИССИЯЛАРЫ

АМЗАБ электрондық бірыңғай жүйесі (зейнетақы ақпараттық бағдарламасы) транзакциялар бойынша шығыстарды айтарлықтай төмендетіп, осы арқылы басқарушылар комиссиясын да төмендетеді.

Қазіргі уақытта қорларды басқару жөніндегі ең жоғары комиссия жылдық 1,3% - ды құрайды. Бұл ретте, әрбір қорда басқарушының фидуциарлық міндеттерді орындау мақсатында өз қаражатынан кемінде 1 пайыздық қатысуы болуы тиіс.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

Зейнетақы жасына жеткен және міндетті жинақтаушы зейнетақы алуға ниет білдірген қатысушы депозитарийге оның зейнетақы шотындағы пайлардың саны, олардың жиынтық есеп айырысу құны және қаражат тең бөлінген жағдайда айлық төлемнің мөлшері бойынша деректерді алу туралы өтініш береді.

Бұл ретте, жинақтаушы зейнетақы мөлшері зейнетақы қоры пайларының құны және жинақтаушы зейнетақыны алу кезеңі негізінде айқындалады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ СЫЗБАСЫ

Міндетті зейнетақы қоры (қорлары) пайларының жиынтық есеп айырысу құнына қарай қатысушы өз зейнетақысын мынадай түрде ала алады:

- қатысушының қаражатын айлық төлемдерге теңдей бөлген жағдайда, егер айлық сома мемлекеттік зейнетақының 75% - ынан кем немесе оған тең болса, бағдарламалық төлемдері не біржолғы төлем түрінде;
- егер айлық сома қатысушының қаражатын ай сайынғы төлемдерге тең бөлінген жағдайда мемлекеттік зейнетақының 75% - нан артық, бірақ осы зейнетақының бес еселенген мөлшерінен кем немесе тең болса, қатысушы зейнетақы қорының өзіне тиесілі пайларын өтеу нәтижесінде алынған сома мөлшерінде аннуитет шартын жасасуға міндетті;
- егер айлық сома қатысушының қаражатын ай сайынғы төлемдерге тең бөлінген жағдайда негізгі зейнетақының бес еселенген мөлшерінен асып кетсе, онда міндетті зейнетақы қорының өз пайларының бір бөлігін өтеу нәтижесінде алынған қаражат есебінен ай сайынғы төлемдерге тең өлшемді бөлу кезінде негізгі зейнетақының бес

еселенген мөлшерін құрайтын сома мөлшерінде аннуитет шартын жасассын. Қалған бөлігін қатысушы аннуитет, бағдарламалық төлемдер немесе біржолғы төлемдер түрінде алуға құқылы.

Қатысушының қаражатын сақтандыру компаниясына аудару кезінде қатысушы таңдалған сақтандыру компаниясы мен аннуитет шарты туралы, сондай-ақ пайларды өтеу және сақтандыру компаниясына ақша аудару туралы хабардар ете отырып, депозитарийге жазбаша өтініш береді.

Зейнетақы қорларының пайлары мен аннуитеттің қалдық сомасы мұрагерлік тәртібімен тек жеке тұлғаларға берілуі мүмкін. Жинақтаушы зейнетақы алғанға дейін қайтыс болған қатысушының зейнетақы шотындағы зейнетақы қорларының пайлары да, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы алу кезеңінде қайтыс болған зейнеткердің мұрагерлік пайлары мен аннуитеті де мұраға қалдырылады.

¹ Бағдарламалық төлем – бұл күтілетін өмір сүру ұзақтығының айлары бойынша бөлінген, қатысушының зейнетақы шотындағы зейнетақы қорларының пайларын ішінара өтеу есебінен айлық бөліністе төленетін зейнетақы.

ПЕНСИОННАЯ СИСТЕМА В РЕСПУБЛИКЕ АРМЕНИЯ

В Армении пенсионная система является многоуровневой и включает в себя государственное пенсионное обеспечение, в том числе солидарную пенсионную систему; накопительную обязательную и добровольную накопительную пенсионную систему.

ГОСУДАРСТВЕННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ

Государство выплачивает минимальную пенсию лицам, получавшим трудовую пенсию менее 25,5 тыс. драмов, и получателям социальной пенсии.

Социальная пенсия по старости назначается по достижении 65 лет лицам, не имеющим права на получение трудовой или военной пенсии.

С 1 января 2019 года размер минимальной пенсии составил 25 500 драмов (около 20 700 тенге).

СОЛИДАРНАЯ ПЕНСИОННАЯ СИСТЕМА

Пенсия по возрасту предусматривает выплату гражданам государственной пенсии из бюджетных средств по достижении 63 лет и при наличии трудового стажа более 10 календарных лет.

НАКОПИТЕЛЬНАЯ ПЕНСИОННАЯ СИСТЕМА

Накопительные пенсии финансируются за счет социальных взносов участников и накопительных отчислений государства, внесенных в пользу участников, а также доходов, полученных от их инвестирования.

УЧАСТНИКИ ПЕНСИОННОЙ НАКОПИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ

К участникам НПС относятся наемные работники, нотариусы, самозанятые лица и индивидуальные предприниматели.

Участники НПС разделяются по возрасту: на тех, кто родился до 1974 года и на тех, кто родился после 1 января 1974 года.

Работники, нотариусы, индивидуальные предприниматели, родившиеся после 1 января 1974 года, участвуют в НПС в обязательном порядке.

Те, кто родился до 1974 года, участвуют в НПС на добровольной основе согласно поданному заявлению о выборе пенсионного фонда.

Самозанятые лица участвуют в НПС на добровольной основе вне зависимости от возраста.

СОФИНАНСИРОВАНИЕ ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ ВЗНОСОВ ГОСУДАРСТВОМ

Общий размер накопительного взноса в пользу участника НПС составляет 10% от базового дохода.

Софинансирование государством распространяется только на участников обязательной НПС, и размер государственного софинансирования зависит от доходов участника НПС.

Если заработная плата обязательных участников НПС ниже 500 тыс. драмов в месяц (около 400 тыс. тенге), то государство перечисляет на пенсионный счет участника накопительный взнос в размере 5% от заработной платы.

Если заработная плата обязательных участников НПС превышает 500 тыс. драмов в месяц, то государство финансирует накопительные отчисления в размере 25 тыс. драмов (около 20 тыс. тенге).

Если годовой размер предпринимательского дохода не превышает 6 млн. драмов (4,9 млн. тенге), то государство перечисляет на пенсионный счет индивидуального предпринимателя накопительный взнос в размере 5% от дохода.

Если годовой размер предпринимательского дохода свыше 6 млн. драмов, то государство перечисляет на пенсионный счет индивидуального предпринимателя накопительный взнос в размере 300 тыс. драмов (около 240 тыс. тенге).

СОЦИАЛЬНЫЕ ВЗНОСЫ УЧАСТНИКА НПС

Участники обязательной НПС с ежемесячной заработной платой ниже 500 тыс. драмов и годовым предпринимательским доходом ниже 6 млн. драмов уплачивают обязательный взнос в размере 5% от доходов.

Участники с доходами, превышающими указанный выше минимальный порог, уплачивают разницу между 10% и суммой государственной поддержки – 25 тыс. драмов для наемных работников и 300 тыс. драмов для индивидуальных предпринимателей.

Самозанятые лица уплачивают социальный взнос в размере 5% с доходов, вне зависимости от их размера.

ПЕНСИОННЫЕ ФОНДЫ

Работодатели в качестве налогового агента перечисляют социальные взносы в государственный бюджет. Государство перечисляет пенсионные отчисления в депозитарий, который ведет реестр участников НПС на основе персонифицированного учета и осуществляет хранение активов пенсионных фондов, размер пенсионных накоплений в которых составил около 219 млн. долларов США в 2017 году (*Источник: <https://www.oecd.org/daf/fin/private-pensions/Pension-Funds-in-Figures-2018.pdf>*).

Депозитарий приобретает паи пенсионного фонда, совершая следующие манипуляции. Депозитарий перечисляет деньги на счет пенсионного фонда в депозитарии в объеме, равном накопительному взносу, и зачисляет паи данного пенсионного фонда на пенсионный счет участника НПС, приобретенные по цене размещения пая пенсионного фонда в количестве, равном накопительному отчислению участника НПС.

По желанию участника НПС возможен частичный и/или полный перевод ранее накопленных средств из одного пенсионного фонда в другой, который осуществляется как обмен паев.

При переводе средств с участника взимается плата за погашение подлежащих обмену паев, равная 1% от расчетной стоимости погашаемых паев.

Плата за погашение паев обязательного пенсионного фонда не взимается при обмене участником паев своего пенсионного фонда на паи другого пенсионного фонда того же управляющего, а также при сделке по обмену участником своих паев на паи другого пенсионного фонда в течение 12 месяцев. Законодательством также установлены исключительные случаи (обмен паев наследником; обмен паев пенсионного фонда, выбранного за участника; обмен паев при прекращении деятельности управляющего), когда плата за перевод паев не взимается.

ИНВЕСТИЦИОННОЕ УПРАВЛЕНИЕ

КРИТЕРИИ К УПРАВЛЯЮЩИМ КОМПАНИЯМ

В Армении для управления обязательными пенсионными фондами требуется лицензия управляющего инвестиционным фондом, а также специальное разрешение.

Разрешение на управление обязательным пенсионным фондом предоставляется управляющему, созданному на территории Республики Армения, у которого имеется хотя бы один акционер, который является признанной иностранной организацией или международной финансовой организацией, специализирующейся в управлении пенсионным фондом.

При этом, участие организации должно составлять более 50%, и организация должна иметь решающий голос при утверждении стратегии управляющего, а также при формировании исполнительного органа и системы внутреннего контроля управляющего.

Иностраный акционер управляющей компании оценивается Центральным банком Армении по следующим критериям:

- 1) наличие рейтинговой оценки, присужденной организации международными рейтинговыми агентствами, которая должна быть не ниже investment grade,
- 2) включение в список наилучших управляющих, составляемый международными признанными аналитическими и/или консалтинговыми организациями в области финансов,
- 3) размер активов, находящихся под управлением,
- 4) доходность управляемых фондов,
- 5) степень представительства в различных странах,
- 6) опыт в управлении фондами.

Минимальный размер уставных капиталов управляющего добровольным и обязательным пенсионным фондом установлен в размере 500 млн. драмов (около 400 млн. тенге) и 200 млн. драмов (около 163 млн. тенге), соответственно.

Участник НПС может самостоятельно выбирать пенсионный фонд, соответственно и управляющего, в том числе и в виртуальной среде. Так как управляющие компании управляют своими пенсионными фондами, которые различаются между собой инвестиционными стратегиями, то выбор пенсионного фонда участником НПС означает также и выбранную стратегию размещения собственных средств.

Если участник самостоятельно не выбрал фонд, то программным модулем, посредством случайного выбора, выбирается консервативный фонд одного из управляющих компаний.

МОДЕЛИ ИНВЕСТИРОВАНИЯ

Управляющие компании предлагают три модели инвестирования:

- 4) пенсионный фонд со стабильной доходностью,
- 5) консервативный пенсионный фонд,
- 6) сбалансированный пенсионный фонд.

По правилам стабильного доходного фонда его активы не могут быть инвестированы в долевые ценные бумаги и производные финансовые инструменты.

По условиям консервативного фонда вес долевых ценных бумаг и приобретенных с целью их хеджирования производных инструментов в активах фонда не может превышать 25%.

Согласно правилам сбалансированного фонда, вес долевых ценных бумаг и приобретенных с целью их хеджирования производных инструментов в активах фонда не может превышать 50%.

ДОХОДНОСТИ

В 2017 году реальная доходность совокупных пенсионных активов после вычетов комиссий составила 6,7% (Источник: <https://www.oecd.org/daf/fin/private-pensions/Pension-Funds-in-Figures-2018.pdf>).

Название управляющего	Название пенсионного фонда	Доходность фонда с момента создания, %	Доходность фонда 2018 г. (годовая), %
ЗАО «Амунди-АКБА Ассет Менеджмент»	Сбалансированный пенсионный фонд	52,4	7,8
	Консервативный пенсионный фонд	48,2	7,6
	Пенсионный фонд со стабильной доходностью	43,3	7,2
ООО «Це-Квадрат Ампега Ассет Менеджмент Армения»	Сбалансированный пенсионный фонд	46,0	7,7
	Консервативный пенсионный фонд	45,5	7,8
	Пенсионный фонд со стабильной доходностью	53,7	8,1
		46,9	7,7

Источник: Финансовый журнал / Financial Journal №4 2018, DOI: 10.31107/2075-1990-2018-4-53-61, Накопительная пенсионная система Армении: история становления.

БЕЗОПАСНОСТЬ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ

В обязательном накопительном компоненте внедрена система Blind Quotation, что означает, что управляющий активами не знает, чьими деньгами он управляет. Это оберегает участников системы от воздействия извне, в том числе от влияния работодателей на выбор того или иного фонда.

КОМИССИИ УПРАВЛЯЮЩИХ

Электронная единая система АМПИС (пенсионная информационная программа), существенно снижает расходы по транзакциям, таким образом снижая комиссию управляющих.

В настоящее время максимальная комиссия по управлению фондами составляет 1,3% годовых. При этом, управляющий в каждом фонде должен иметь минимум 1-процентное участие из собственных средств в целях выполнения фидуциарных обязанностей.

ПЕНСИОННЫЕ ВЫПЛАТЫ

Участник, достигший пенсионного возраста и пожелавший получать обязательную накопительную пенсию, обращается с заявлением в депозитарий о получении данных по количеству паев на его пенсионном счете, их суммарной расчетной стоимости и размере месячного платежа в случае равномерного распределения средств.

При этом, размер накопительных пенсий определяется на основании стоимости паев пенсионного фонда и периода получения накопительной пенсии.

СХЕМЫ ПЕНСИОННЫХ ВЫПЛАТ

В зависимости от суммарной расчетной стоимости паев обязательного пенсионного фонда (фондов) участник может получать свою пенсию в следующем виде:

- в виде программных выплат¹ либо единовременной выплаты, если месячная сумма в случае равномерного распределения средств участника на ежемесячные платежи меньше 75% государственной пенсии или ей равна;
- участник обязан заключить договор аннуитета в размере суммы, полученной в результате погашения принадлежащих ему паев пенсионного фонда, если месячная сумма в случае равномерного распределения средств участника на ежемесячные платежи больше 75% государственной пенсии, но меньше или равна пятикратному размеру этой пенсии;
- если месячная сумма в случае равномерного распределения средств участника на ежемесячные платежи превышает пятикратный размер основной пенсии, то участник обязан за счет средств, полученных в результате погашения части своих паев обязательного

пенсионного фонда, заключить договор аннуитета в размере суммы, которая при равномерном распределении на ежемесячные платежи составит пятикратный размер основной пенсии. Остальную часть участник вправе получить в виде аннуитета, программных выплат либо единовременной выплаты.

При переводе средств участника в страховую компанию участник подает письменное заявление в депозитарий, уведомляя о выбранной страховой компании и договоре аннуитета, а также о погашении паев и переводе денег в страховую компанию.

Паи пенсионных фондов и остаточная сумма аннуитета могут передаваться в порядке наследования только физическим лицам. Наследоваться могут как паи пенсионных фондов, имеющиеся на пенсионном счете умершего участника до получения накопительной пенсии, так и подлежащие наследованию паи и аннуитет пенсионера, умершего в период получения накопительной пенсии.

¹ Программная выплата – это пенсия, выплачиваемая в месячном разрезе за счет частичных погашений паев пенсионных фондов, имеющихся на пенсионном счете участника, распределенная по месяцам ожидаемой продолжительности жизни.